

**Құрманғазы атындағы қазақ халқы аспаптары орындаушыларының
республикалық байқауы
Астана, 2019 жылғы 28 – 31 наурыз**

Байқау ұйымдастырушылары

«Astana Stars» халықаралық фестиваль қозғалысы

Қолдаушы:

Астана қаласының Мәдениет басқармасы

www.art-dance.kz

Байқау мақсаттары мен міндеттері:

Байқаудың негізгі мақсаты:

Дарынды жастар мен балалардың шеберлігін арттыру,
Қазақ халқының бай музыкалық қазынасын дәріптеу, Қазақтың ұлы
домбырашысы мен композиторы Құрманғазы Сағырбайұлының мұрасын
сақтау.

Қазақ халқы аспаптары орындаушылары қатысуға шақырылады:

Домбыра; (міндетті түрде Құрманғазы күйін орындау)

Қобыз;

Сазсырнай;

Жетіген;

Сыбызғы.

Байқауға қатысуға балалар музыка мектептері, өнер мектептері, қосымша
білім беру мекемелері оқушылары, орта және жоғары білім беру
мекемелері студенттері жіберіледі.

Байқау номинациялар мен жас санаттары бойынша өткізіледі:

Номинациялар:

Жеке орындау,

Ансамбль,

Халық аспаптары оркестрі

Жас санаттары:

I санат 9 жасқа дейін қоса алғанда;

II санат 12 жасқа дейін қоса алғанда;

III санат 15 жасқа дейін қоса алғанда;

IV санат 18 жасқа дейін қоса алғанда;

Аралас санат ансамбльдер мен оркестрлер үшін;

Қатысушының жасы 2019 жылғы 28 наурыз күніне айқындалады.

Қазылар алқасы

Байқаудың қазылар алқасында жұмыс жасау үшін Қазақстанның мәдениетке және өнерге еңбегі сіңген қайраткерлері, Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындары мен мәдениет жөніндегі кәсіби білім беру мекемелерінің профессорлары мен аға оқытушылары шақырылады.

Байқаудың қазылар алқасының құрамын ұйымдастырушы комитет қалыптастырады.

Қазылар алқасы байқаудың әр номинациясы бойынша әр жас санатында жеңімпаздарды айқындайды.

Орындауды бағалау өлшемшарттары:

Орындау шеберлігі, кәсіпқойлық.

Орындалатын шығармалардың көркем бейнесінің тереңдігі мен жарқындығы.

Майталмандық және сахналық мәдениет деңгейі.

Байқау регламенті

Байқау бір айналымда өткізіледі.

Жеке орындаушылар мен шағын ұжымдар 1 нөмірді ұсынады.

(Ұзақтығы 3.5 минутке дейін).

5 және одан көп адамнан тұратын ансамбльдер мен Оркестрлер 1-2 нөмір ұсынады.

(Жалпы ұзақтығы 6 минутке дейін).

Байқау тыңдаулары көпшілік алдында өткізіледі.

Шығармалар жатқа орындалады.

Репертуарды байқауды өткізу басталуына дейін 5 күн қалғанда ауыстыруға тыйым салынады.

Байқау қатысушыларының саны жеткіліксіз болған жағдайда, іс-шара өткізілмеу мүмкін.

Ұйымдастырушы осы ережеге өзгертулерді енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Өтінім беру тәртібі мен шарттары:

Қатысу өтінімі Ұйымдастырушы комитетке электронды пошта арқылы 2019 жылғы 18 наурызға дейін келесі электронды пошта мекенжайына жіберіледі: astana.stars@gmail.com

Төлем 2019 жылғы 23 наурызға дейін жүргізіледі.

Байқауға қатысу үшін өтінімді әрбір номинация бойынша және әрбір орындаушыға WORD форматындағы жеке файлда (өтінім нысаны қоса беріледі) ұсыну қажет.

Жеңімпаздарды марапаттау

«Құрманғазы күйін үздік орындау» үшін арнайы диплом

Байқау қорытындысы бойынша барлық санаттар, жас топтары және номинациялар: «Жеке орындау», «Ансамбль», «Оркестр» арасында ең көп балл алған, байқаудың ең жарқын қатысушысына тиісті дипломмен бірге «Гран-При лауреаты» атағы беріледі.

Әрбір жас санатында Байқаудың 1, 2, 3-дәрежелі лауреаты, Байқау дипломанты атағы беріледі;

Қазылар алқасының шешімі бойынша марапатталу мүмкін:

Оқытушылар «Лауреатты дайындағаны үшін» дипломдарымен
Байқау концертмейстерлері «Үздік концертмейстер жұмысы үшін»
дипломдарымен

Ұжымдар жетекшілеріне Astana Stars Ұйымдастырушы комитетінің алғыс хаттарымен

Байқау концертмейстерлері қатысқандары үшін дипломдармен марапатталады.

Ұжымдар кубоктармен марапатталады.

Ұжымның әрбір қатысушысы медальмен марапатталады.*

Шағын топтар мен жеке орындаушылар медальдермен марапатталады.

*Шағын топтың/ұжымның әрбір қатысушысы берілген өтінімдердің санына қарамастан грамотамен және медальмен марапатталады.

Қазылар алқасы:

Барлық марапаттарды бермеу;

Марапаттарды орындаушылар арасында бөлу, арнайы жүлделерді беру; Белгіленген уақыт лимиті бұзылғанда немесе бағдарлама байқау шарттарына сәйкес келмегенде, қатысушыларды тоқтату құқығын өзіне қалдырады. [L] [SEP]

Қазылар алқасы шешімі байқаудың жабылу рәсімінде жарияланады, талқылануға және қайта қарастырылуға жатпайды. [L] [SEP]

Қаржылық шарттар

Байқауға қатысуға байланысты барлық шығындарды (қатысушылар мен алып жүретін адамдардың жол жүру, тұру, тамақтану шығындары) төлеу қатысушылардың өзіндік қаражаты немесе іссапарға жіберуші тарап есебінен жүргізіледі.

Байқау жарнасы: [L] [SEP]

«Жеке орындаушылар» номинациясы - 12 000 тг.

«Халық аспаптары ансамбльдері» номинациясы (4 адамға дейін) әр қатысушыдан 6000 тг.

Ансамбльдер (4 және одан көп қатысушы) және Оркестрлер – әр адамнан 4000 тг.

Екі номинацияда өнер көрсететін қатысушылар («Жеке орындау» және «Ансамбль» құрамында) ансамбль номинациясында 50% жеңілдік алады.

Балалар үйлері тәрбиеленушілері байқауға тегін қатысады.

Байқау жарнасының құнына кіреді: сахнаны жалға алу, дыбыс режиссёрінің жұмысы, баспа өнімі, қазылар алқасының, жүргізушінің қаламақылары және басқалар.

Қатысушы байқауға ұйымдастырушыларға тәуелді емес себеп бойынша келмегенде, ұйымдастырушылық жарна қайтарылмайды.

БАҒДАРЛАМА: 2019 жылғы 28-31 наурыз.

1-күн

Астанаға келу, әуежайда немесе вокзалда қарсы алу, қонақ үйде орналастыру (бөлмелерге кіргізу сағат 14.00-ден кейін), байқау-фестиваль қатысушыларын тіркеу, Астана бойынша шолу экскурсиясы (Бәйтерек, Салтанат аркасы, Қазақ Елі ескерткіші, Ақ Орда, «Хан-Шатыр» СОО, Есіл өзенінің жағасы),
Қонақ үйде қону.

2-күн: Байқау күні

Таңғы ас, Фестиваль-Байқау ашылуы, Қатысушылардың байқауда өнер көрсетуі,
Қонақ үйде қону.

3-күн

Таңғы ас,
Гала-концертке шығу, Марапаттау,
Дипломдарды, Кубоктарды, барлық қатысушыларға Грамоталарды, сондай-ақ жетекшілер мен педагогтерге алғыс хаттарды табыстау.
Фестивальде ұжымдарды суретке түсіру.

4-күн

Таңғы ас, әуежайға/ темір жол вокзалына апару

Бағдарлама құны:

Бір адамға 25 000 тг.

Осыған:

Астанада қонақ үйде орналасу – (4 күн/3 түн) 2-3-4 орынды бөлмелер
Тамақтандыру (таңғы астар);

Астана бойынша шолу экскурсиясы (Бәйтерек, Салтанат аркасы, Қазақ Елі ескерткіші, Ақ Орда, «Хан-Шатыр» СОО, Есіл өзенінің жағасы);

Қарсы алу – шығарып салу (10 адамнан астам топтар үшін)

Бағдарлама бойынша трансферлер кіреді.

15 адамнан астам топтар жетекшілері үшін бағдарлама тегін ұсынылады!

Бағдарламаға өзгерістер енгізілу мүмкін.

Гран-при алған жеңімпаз 2020 жылғы 5 қаңтарда Астанада өтетін «Рождественские звезды» VI Халықаралық өнерлер байқау-фестиваліне тегін негізде қатысады.

Құрметпен, «Astana Stars» фестиваль қозғалысы

www.astana-stars.com

+7(701) 941 10 09

Құрметті жетекшілер!

Астана қаласының қонақ үйлеріндегі есеп айырысу уақыты – кіру сағат 14.00-ден кейін, шығу сағат 12.00-ге дейін.

Поезд (ұшақ, автобус) нөмірі, ұжымның келуі мен кетуінің күні мен уақыты туралы қосымша ақпаратты ұйымдастырушы комитетке Астанаға келуге дейін 3 күн бұрын жіберу қажет.

Балалар өмірі мен денсаулығы үшін делегация жетекшісі жауапты!